

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ГЕОДЕЗИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ БАС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КАРТОГРАФИЯ ФАБРИКАСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 21 сәуір  
1994 ж. N 414

Халық шаруашылығының, қорғаныс пен ғылымның салаларын картографиялық баспа өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы мен "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясының Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Геодезия және картография бас басқармасының құрамында республикалық картография фабрикасын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы Каспий шельфі жөнінде келісім жасасу кезінде шет елдік әріптестерден түскен қаражаттан республикалық картография фабрикасын ұйымдастыру үшін Геодезия және картография бас басқармасына 2 млн. АҚШ долларын бөлсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі